

Бекітемін



Мектеп меншерушісі

Шалабаева Ж.С.

### ТӘРБИЕЛЕУ-БЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

|  |   |  |   |  |   |
|--|---|--|---|--|---|
| <b>Білім беру үйімі</b>  | Милы бастауыш білім беретін мектебі, «Шұғыла» шағын орталығы  |  |   |  |   |
| <b>Топ/сынып</b>   | Ортаңғы топ   |  |   |  |   |
| <b>Балалардың жасы</b>   | 3 жасар балалар   |  |   |  |   |
| <b>Жоспардың күрылу кезеңі</b>   | 13.03-17.03.2023ж.  |  |   |  |   |
| <b>Апта күндері</b>  | <i>Дүйсенбі</i>   | <i>Сейсенбі</i>  | <i>Сәрсенбі</i>   | <i>Бейсенбі</i>  | <b>Жұма</b>   |
| <b>Күн тәртібі</b>   |   |  |   |  |   |
| <b>Балаларды қабылдау</b>  | Балаларды жақсы көніл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көніл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту) |  |   |  |   |
| <b>Ата-аналармен әнгімелесу, кенес беру</b>  | Балалардың балабакшадағы тәртібі жайлы әнгімелесу.  |  |   |  |   |
| <b>Балалардың дербес әрекеті<br/>(баяу кимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b> | "Еңбекке баулу"<br>Максат-міндеттер.<br>Табигат бұрышындағы кезекшілікті үйімдастыру; табигат мүйісіндегі мекендеушілерді күте білу.                      | "Еңбекке баулу"<br>Максат-міндеттер.<br>Табигат бұрышындағы кезекшілікті үйімдастыру; табигат мүйісіндегі мекендеушілерді күте білу. | "Еңбекке баулу"<br>Максат-міндеттер. Үстел үстіне ыдыс-аяктарды, нан салатын ыдысты, шыны аяктарды, шұнғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамак ішу жабдықтарын: касық, шанышқы, пышакты койып шығу іскерліктерін дамыту. | "Еңбекке баулу"<br>Максат-міндеттер.<br>Ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыру, шкафтарда тәртіпті сактау, шанды сұрту іскерліктерін жетілдіру. | "Еңбекке баулу"<br>Максат-міндеттер. Даму орталықтарында кезекшілікті үйімдастыру.  |
|  | "Қазақ халқының салт-дәстүрлеріне саяхат"<br>дидактикалық ойны.<br>Максат-міндеттер: тәрбиленушілердің  | "Әдемі кілемшелер"<br>дидактикалық ойны.<br>Максат-міндеттер: белгітерден кілемше жасауға үрнету; кабылдау, ес, зейін                | "Киіз үйді құрастыр"<br>дидактикалық ойны.<br>Максат-міндеттер: балалардың ойлау қабілеттерін дамыту, қағаз киындыларынан киіз үйді құрастыру.  | "Ұлттық ойын. Хан алшы"<br>«Хан алшы» — казақ халқының ұлттық ойындарының бір асық ойынының бір түрі.<br>Педагог:  | Саусақ жаттығуы. "Бір-бір кесе алайық".<br>Максат-міндеттер.<br>Балаларды көркем сөзді айтып, білгілі кимылдарды жасауга үрнету; дыбыстық тіл |

|                    |   |   |   |  |  |
|--------------------|---|---|---|--|--|
|                    | <p>казак халқының салт-дәстүрлөрі жайлы білімдерін жинақтау, біletін және үйренген акпараттарын өзара ұштастырып, сын тұрғысынан ойлауга, талқылауға үйрету, салт-дәстүрлерді күрметтеп, кадрлелей білуге, мейірімділікке тәрбиелеу.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, қоршаган ортамен танысу)</p>  | <p>үрдістерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>(математика негіздері)</p> | <p>- Балалар, казір біз "Киіз үйді құрастыр" дидактикалық ойынын ойнаймыз. Ойынның шарты: алдарында киіз үйді құрастыратын киындылар бар. Мен ретімен киіз бөліктерін атап отырамын, сендер ойланбастан сол бөлікті тез алып, қағаз бетіне қойып, құрастырып шығасындар. Кідіріп қалған жұмыстар есепке алынбайды. Педагог балалармен бірге ойынды қадағалап отырады, соныңда жақсы ойнаған балаларға киіз үй бейнеленген таңбалаштыштар үlestіріледі.</p> <p>(жапсыру)</p> | <p>катысады. Көп асықтың ен ірісі қызыл түске боялады. Бұл асық «Хан асығы» болып саналады. Асықтар тізіп койған сон, ойын бастаушы «Хан асығымен» оларды көздел, құлатады. Құлаган асықтарды жинап алады. Егер «Хан асығы» бүк, шік, тайқы кальптарымен түссе, ойын бастаушы жақын құлаган асықтарды ата береді.</p> <p>Егер ойын бастаушы асықтарды колымен құлатып алса немесе басқа асықтарымен атса, онда ойынды келесі бала жалғастырады. Ен соныңда, «Хан асығы» кімнің қасында қалса, сол бала женіске жетеді. Келесі ойынды женіске жеткен бала жалғастырады.</p> <p>(дене шынықтыру)</p> | <p>мәдениетін дамыту; қуанышка бөленуге баулу.</p> <p>- Дастанхан дайын болса, (алакандарды өзара укалау)</p> <p>Конақтарга жайылса (шапалактау)</p> <p>Бір-бір кесе алайық, (екі алақанды қырынан косып, кесе ұқсас пішінді құру)</p> <p>Сұйды ма, карайық. (жасанды кесе ішіне, алақандардың ішкі жағына үрлеу)</p> <p>(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</p> |
| Таңертенгі жаттығу | <p><b>Жалпы дамыту жаттығулары.</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>Бастапқы қалып: негізгі тұрыс.</li> <li>1. Екі жаққа созылған қолдарды жоғары көтеру-қолдарды түсіру.</li> <li>2. Бастапқы қалып: қолды қеуде тұсында бүтіп ұстап, етпептімен жату.</li> <li>2.1. Қолдарын алға созып, қарагай бүршіктерін нұсқаушыға көрсету; алға тік қарал, қарагай бүршіктерін иыққа қою.</li> </ol> <p>Дененің жоғарғы белгін қатты имеуге тырысу керек.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>3. Бастапқы қалып: қолды екі жанга қойып, шалқадан жату. Қол мен аяқты бір уақытта көтеру, қолды тобыққа тигізу.</li> <li>3.1 Бастапқы қалыпқа оралу.</li> <li>4. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс.</li> </ol> |   |   |  |  |

4.1. Карагай бүршіктегін ұстап, бір орында тұрып секіру. Баяу жүру.  
(дene шынықтыру)

|  |  |  |  |   |   |
|--|--|--|--|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық                                 | <p>Шаттық шенбері<br/>Максат-міндеттері.<br/>Балаларга<br/>эмоционалды жағымды<br/>көңіл-күй мен<br/>ұйымдастырылған іс-<br/>әрекетені<br/>мотивациялық<br/>дайындықты<br/>калыптастыру,<br/>балаларға бір-бірімен<br/>салемдесуге мүмкіндік<br/>беру, ұжымда достыққа<br/>тәрбиелеу.</p> <p>Көтеріліп шанырак,<br/>Уыктары шашшылар.<br/>Керегелер керіліп,<br/>Өрімдей боп өрілер.<br/>Бәріміз жүрсек<br/>айналып,<br/>Киіз үй болып көрінер.<br/><b>(сөйлеуді дамыту)</b></p> | <p>Зейінді дамытуға<br/>арналған жаттығу.<br/>"Зат іздеу".<br/>Максат-міндеттер.<br/>Ойынга катысадын<br/>балалар бөлмеден<br/>шығады. Осы уақытта<br/>кішкентай бір затты<br/>(сақина, өшіргіш)<br/>көрінетін жерге<br/>койыныз. Балалар<br/>бөлмеге кезектесіп<br/>кіреді; оларға бөлмені<br/>айналып шығып,<br/>кандай жаңа зат пайда<br/>болғанын атауға<br/>мүмкіндік беріледі.<br/>Тапсырманы орындаі<br/>алмаған бала айып<br/>ұпаймен келесі<br/>айналымға етеді.<br/><b>(тәнімдық дағдылар)</b></p> | <p>«Әдепті сөздер<br/>шенбері»<br/>Ойынның максат-<br/>міндеттері: сыпайы<br/>қарым-қатынас жасауға<br/>үрету, зейінділікке,<br/>мейірімділікке баулу.<br/>Балалар шенберге<br/>тұрады, бір-біріне<br/>оыйншықты бере<br/>отырып, әдепті сөздер<br/>айтады.<br/><b>(сөйлеуді дамыту,<br/>әлеуметтік-<br/>эмоционалды<br/>дағдылар)</b></p> | <p>«Мениң көңіл-күйім»<br/>Ойынның максат-міндеттері:<br/>мейірімділікке, жақын адамның<br/>көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу .<br/>Балалар кезек-кезек жылдын кай<br/>мезгілі, табигат күбылышы, ауа-райы<br/>олардың бүтінгі көңіл-күйіне ұксас<br/>екенін айтады.<br/>Салыстыруды тәрбиеші бастауы<br/>тиіс: «Мениң көңіл-күйім көгілдір<br/>аспандағы ақ ұлла бұлттарға<br/>ұксайды, сенің көңіл-күйін қандай?»<br/>деп, балаларды ойынға тартады.<br/>Ойынның сонында тәрбиеші<br/>корытындылайды – бүтін топтың<br/>көңіл-күйі қандай: көңілсіз, көңілді,<br/>кулқілі, ызылды екенін айтады.<br/>Қолайсыз ауа-райы, сұық, жаңбыр,<br/>тұнерген аспан сияқты агрессивті<br/>элементтер эмоционалды күйзелісті<br/>көрсететін түсіндіру керек.<br/><b>(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-<br/>эмоционалды дағдылар)</b></p> | <p>Шаттық шенбері<br/>Балалар бір-біріне<br/>карама-карсы тұрып,<br/>ұл балалар<br/>құшақтасып, қыз<br/>балалар кол алысып<br/>Наурызға арнал өз<br/>тілектерін білдіреді.<br/>Наурыз мерекесі құтты<br/>болсын!<br/>Ақ көп болсын!<br/>Жақсылық мол<br/>болсын!<br/>Береке - бірлік<br/>болсын!<br/><b>(сөйлеуді дамыту,<br/>әлеуметтік-<br/>эмоционалды<br/>дағдылар)</b></p> |
| Білім беру ұйымының кестесі<br>бойынша ұйымдастырылған іс-<br>әрекет | <p>Дене шынықтыру<br/>"Наурыз келді, алакай!"<br/>Максат-міндеттер.<br/>Балалардың сап түзеп<br/>бірінің артынан бірі<br/>шенбер бойымен<br/>арақашықтық сақтап,<br/>бағытты езгертіп<br/>жүгіру қабілетін<br/>жетілдіру; шенбер<br/>бойымен бір-бірінің<br/>колынан ұстап</p>   | <p>Дене шынықтыру<br/>"Наурыз құтты<br/>болсын!"<br/>Максат-міндеттер.<br/>Балаларда тізені биікке<br/>көтере отырып жүру<br/>дағдыларын дамыту;<br/>арқан бойымен жүру<br/>кезінде тепе-тендікті<br/>сақтау дағдыларын<br/>калыптастыру;<br/>гимнастикалық</p>  | <p>Музыка<br/>"Көктем келді, алакай!"<br/>Максат-міндеттер.<br/>Балалардың әнді<br/>орындау кезінде оның<br/>сипаттың ажыратса білу<br/>қабілетін<br/>калыптастыру; әнді<br/>топпен орындау<br/>дағдыларына<br/>жаттықтыру; музыка<br/>әуенімен бірге би</p>   | <p>Дене шынықтыру<br/>"Наурыз мерекесі келді".<br/>Максат-міндеттер. Балаларда көлбеу<br/>қойылған тақтай үстінде жүруге<br/>үрету; бір орыннан ұзындыққа<br/>секіру дағдыларын дамыту; негізгі<br/>қасиеттерді-шапшандық, ептілікті<br/>дамыту; құм салынған қапшықшаны<br/>он және сол колымен алыска<br/>лақтыру дағдыларын дамыту.</p>  | <p>Қазақ тілі<br/>Наурызым, армысын!<br/>«Наурыз мейрамы»<br/>такырыбына<br/>байланысты қазақ<br/>тіліндегі мәтінді<br/>тындауды және<br/>түсінуді, Наурыз<br/>тойының нышандарын<br/>білдіретін барлық<br/>сөздерді колдануды,<br/>зат есім мен етістіктен</p>   |

|                          |   |  |  |   |   |
|--------------------------|---|--|--|---|---|
|                          | жүгіруге үйрету; 4-6 м<br>кашықтықка тұра<br>багытта енбектеуге<br>үйрету.  | кабырга бойымен<br>жоғары өрмелу және<br>одан төмен тұсу<br>дағдыларын жетілдіру   | кимылдарын және<br>адым жаттыгуларын<br>үйлесімді орындауга<br>үйрету; музикалық<br>аспалта (касыкпен)<br>ойнау кабілеті мен<br>дыбысты есту кабілетін<br>дамыту.  |   | тұратын сез<br>тіркестерін таңдауды<br>үйретуді аяқтау.   |
| <b>Серуенге дайындық</b> | Өзін-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын колдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауга, ұқыптылықса, күміндегі олқылықтарды байқауга, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен колдануга баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)  |  |  |   |   |
| <b>Серуен</b>            | <p><b>Көнамдық омір құбылыстарын бақылау: "Жүретін болік". (коршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b></p> <p>Максат-міндеттер: балалардың байқағыштығын, ойлау кабілеттерін дамыту.</p> <p><b>Шығармашылық тапсырмалар: "Кел, ойнайық, балакай!" (әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)</b></p> <p>Максат-міндеттер: пантомимикалық дағдыларды дамыту, эмоционалды көnl-күйлерін көтеруге ықпал ету.</p> <p><b>Кимыл-қозғалыс ойындары: "Жоғары". (дене шынықтыру)</b></p> | <p>Теректің бүршігін бақылау. (коршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Максат-міндеттер: участкедегі ағаштармен танысады жалғастыру; бүршік жапырақтың үйі деген түсінік калыптастыру.</p> <p>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (бұтактар мен ескі жапырақтарды жинау). (енбек іс-әрекеті)</p> <p>Максат-міндеттер: бірлесіп жұмыс істеуге деген ұмтылысты насиҳаттау, бір-бірімен сөйлесу куанышын сезіну.</p> <p><b>Кимыл-қозғалыс ойындары: "Жүгіріп секір", "Кім жол</b></p> | <p>Көктемде қайың ағаштарын бақылау. (коршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Максат-міндеттер: ағаштардың көктемде тіршілік ету ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру; өсімдіктеге деген құрмет сезімін тәрбиелеу.</p> <p><b>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b></p> <p>"Табиғаттың жас көмекшілері" операциясы. (енбекке баулу)</p> <p>Максат-міндеттер: байқау кабілетін дамыту, тіршілік иелеріне колайлы жағдай жасауга ұмтылу, табиғаттағы мінез-құлық ережелерін сақтау.</p> <p><b>Кимыл-қозғалыс ойындары: "Жүгіріп секір", "Кім жол</b></p> | <p>Көктем кезіндегі аспанды бақылау. (коршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Максат-міндеттер: балаларды аспанның түсіне, бұлттардың өзгеруіне, күннің көкжиектен жоғары орналасуына байланысты көктем белгілерін байқауга үйрету.</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (ересектерге ағаш отырғызуға көмектесу (агашты ұстау, отырғызғаннан кейін суару). (енбек дағдылары)</p> <p>Максат-міндеттер: енбекке және табиғатқа құрметпен караудың үлгісін көрсету.</p> <p><b>Кимыл-қозғалыс ойындары: "Ормандағы</b></p> | <p>Кұрылыш жабдықтарын бақылау. (коршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Максат-міндеттер: құрылыштың әртүрлі кезеңдеріндегі технологияның рөлі туралы, құрылышты мамандығы туралы білімдерін бекіту және кенейту; ересектердің енбегіне құрмет сезімін дамыту.</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (ересектерге ағаш отырғызуға көмектесу (агашты ұстау, отырғызғаннан кейін суару). (енбек дағдылары)</p> <p>Максат-міндеттер: енбекке және табиғатқа құрметпен караудың үлгісін көрсету.</p> <p><b>Кимыл-қозғалыс ойындары: "Ормандағы</b></p> |

|  |  |   |   |  |   |
|--|--|---|---|--|---|
|  | <p>Мақсат-міндеттер: физикалық қасиеттерін, ептілігін, бұлшық ет, тыныс алу кимылдарын дамыту.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Күнш жет". (дene шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: жүгіру жылдамдығын, төзімділікті дамыту.</p> | <p><b>бойымен жылдам жүгіреді?" (дene шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: ұшу кезінде жақсы секіру техникасына қол жеткізу.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: бөренемен жүру техникасын жетілдіру. (дene шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: бөренемен жүру кезінде тепе-тендік дагдыларын бекіту.</p> | <p>мен түн". (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: кимылдардың көркемдігі мен мәнерлілігін дамыту.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:</b> "Дорба". (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: екі аяқпен секіру іскерліктерін жетілдіру.</p> | <p>оїындары: "Біз көнілді балалармыз". (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: ойын ережелерін бекіту, ептілік жылдамдығын дамыту.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:</b> "Ең жылдам". (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: жылдам жүгіру кезінде жаттығу; ептілікті, физикалық қасиеттерді дамыту.</p> | <p>аю", "Лақтырып, ұстал ал". (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: белгі бойынша жылдам козғалу кабілетін бекіту; козғалысты жақсарту.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері:</b> бөренемен жүру.</p> <p>Мақсат-міндеттер: тепе-тендік сактау кабілетін бекіту. (дene шынықтыру)</p> |
|--|--|---|---|--|---|

|   |   |  |   |   |   |
|---|---|--|---|---|---|
| Серуенниен оралу  | Өз шкафын белгі бойынша тауып алады, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуга машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дагдылар, дербес әрекет)  |  |   |   |   |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу кимылды ойындар, ұстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар карау және тағы басқа әрекеттер) | <p><b>Сейлеуді дамытудан ойын-жаттығу</b></p> <p>"Дастарханды жаямыз"</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды Наурыз мейрамына қатысты конакты құту рәсімімен таныстыру, ыдыстардың атауларын қайталау; «сикырлы» сөздер мен әдептіліктің карапайым ережелері жөнінде маглұмат беру.</p> | <p><b>Құрастырудан ойын-жаттығу</b></p> <p>"Үй салайық".</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларға кірпіштерді еден калпында жатқан екі кос білеудін үш жағы бойына тігінен үстінен екі призмамен, шатырмен жауып, үй құрастыруға үрету; құрастыру барысын, құрылыш материалдарының</p> | <p><b>"Дастарқанды жаямыз"</b></p> <p><b>дидактикалық ойыны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларға ұстелге койылатын ыдыстар мен азық-түліктерді атап айтқызу, қонақ құту дәстүрімен таныстыру.</p> <p>Барысы: балалардың алдында дастарқанды жао тәртібі көрсетіледі. Бір бала шакырылып педагогтің тапсырмасын орындауды. Кезекпен дастарқанға қойылған ыдыстар аталау, қажеті анықталады.</p> | <p><b>"Қонақ құтеміз" сөздік жаттығуы.</b></p> <p>- Мінекей, қонақтар келіп калыпты. Олар сендерге шашу сыйлайды. Кәмпіттен шашу жасау.</p> <p>Балалар кәмпіттерді теріп алғаннан кейін, орындарына отырады.</p> <p>- Ал, қонактар, мерекелі дастарханнан дәм татып, шай ішіндер! (шай құоды көрсету)</p> <p>- Балалар, мен Данага: "Дана, бауырсақ же" - деп ұсынамын.</p> <p>- Салтанат, сен қонжыққа не дейсін? "Қонжық,</p> | <p><b>Қоршаған ортамен танысадан ойын-жаттығу</b></p> <p>"Наурыз гүлдері".</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың наурыз гүлдерін бакылай отырып, олардың қарастынан пайда болатын ерекше белгілерін кабылдау барысында карапайым тәжірибе және зерттеу дагдылары мен</p> <p>қызығушылықтарын, ойлауы мен тілін дамыту. Наурыз гүлдері туралы білімдерін</p> |

|                       |  |   |   |  |   |
|-----------------------|--|---|---|--|---|
|                       |  | калпын үнемі түзеп<br>отыруға бейімдеу.   | (сойлеуді дамыту,<br>қазақ тілі)  | шешпек же! Ас болсын!"<br>- Інкәр (Батыр, Жомарт),<br>Данага (конаққа) сен не<br>дайсін? Дұрыс, шай іш<br>(бауырсак же).<br>(сойлеуді дамыту)  | катылпастыру.   |
| Балалармен жеке жұмыс | "Сүттен жасалатын<br>тәғамдарды ата"<br>дидактикалық ойыны.<br>Максат-міндеттер: балалардың<br>сүттен жасалатын тәғамдарды<br>ажырату іскерліктерін дамыту.<br>– Балалар, кәзір біз "Сүттен<br>жасалатын тәғамдарды ата"<br>ойынын ойнаймыз. Ол үшін екі<br>топка белінесіндер.<br>Орындықтарға жайгасып<br>алындар. Енді, мен мұзыканы<br>косамын, сол музыка<br>аяқталғанша, сендер топпен<br>акылдастып, қандай сүттен<br>жасалатын тәғамдар бар,<br>соларды атайдындар. Қай топ<br>тәғамдар санын көп айтады, сол<br>топженеді. Жақсы ойнаған<br>топтың балаларына қазақтың<br>ұлттық киімдері бейнеленген<br>танбалауыштар үlestіріледі.<br>Педагог:<br>– Балалар, маган<br>портфолиоларынды ашып<br>көрсетіндерші! Жарайсындар,<br>енді танбалауыштарынды салып<br>көйніндар.<br>(сойлеуді дамыту, коршаган<br>ортамен танысу) | "Әдептілік"<br>такпагын айтқызу.<br>Максат-міндеттер.<br>Бала тілін дамыту.<br>"Әдептілік" (Өмірбай<br>Өмірзаков).<br>Рұқсатсыз бақшага,<br>Бақыт тіпті<br>бармайды.<br>Көрнеу койған<br>акшага,<br>Сүйк колын<br>салмайды.<br><br>Айтқан ақыл өзінің<br>Есінен бір кетпейді.<br>Жолда үлкен кісінің<br>Алдын орап өтпейді.<br>(сойлеуді дамыту және<br>көркем әдебиет) | "Биши" такпагын<br>айтқызу.<br>Максат-міндеттер. Бала<br>тілін дамыту.<br>"Биши" (Токбай<br>Исабеков).<br>Билем, Алмашжан,<br>бileshi,<br>Эжең көріп, жасарсын.<br>Билей берсөн күнде осы,<br>Шара аланнан асарсын.<br>(сойлеуді дамыту және<br>көркем әдебиет) | "Судын касиеттерін ата"<br>дидактикалық ойыны.<br>Максат-міндеттер: судын<br>касиеттері жайлы<br>білімдерін толыктыру.<br>- Балалар, кәзір біз "Судын<br>касиеттерін ата"<br>дидактикалық ойынын<br>ойнаймыз. Ойынын<br>шарты мынадай: мен "Су"<br>дегенде судын<br>касиеттерінің біреуін<br>орындарынан тұрып<br>айтасындар. Екі топка<br>белініп, жауап беруге<br>дайындалындар. Қай топ<br>жылдам, әрі дұрыс жауап<br>берсе, сол топтың<br>балалары женіске жетеді.<br>Педагог ойынды өзі<br>басқарып отырады. Жақсы<br>орындаған топтың<br>балаларына сарқырама<br>бейнеленген<br>танбалауыштар<br>үlestіріледі.<br>(коршаган ортамен<br>танысу) | "Наурыз" такпагын<br>жаттау<br>Карды ертіп жылгасы,<br>Наурыз келді – жыл<br>басы.<br>Шуак текті жарық күн,<br>Мейрамында халықтың<br>Бата беріп атамыз,<br>Бата беріп аламыз.<br>Тәтті болып жасалған<br>Наурыз дәмін татамыз.<br>Б. Жакыпов<br>(сойлеуді дамыту және<br>көркем әдебиет) |

|  |  |  |  |  |   |
|--|--|--|--|--|---|
| Балалардың үйге қайтыуы (ата-аналарга кенес) | Тәрбие шарттарын аныктау туралы ата-аналармен жеке әнгімелелесу. | Балалардың балабакшадагы тәртібі жайлы әнгімелесу. | Ата-аналарға тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайы туралы акпарат беру. | Жаднама. "Біз балаларға ертегілер оқимыз". | Балалардың балабакшадагы оқу үлгерімі жайлы әнгімелесу. |
|--|--|--|--|--|---|